

«Ә.Жанкелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-де өткізілген қамқоршылық кеңес отырысының

Хаттамасы №3

Күні: «17» 10 2023 жыл

Сарға ауылы

Қатысқандар: 9

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерін ата-аналарға таныстыру;
2. Мектептегі аз қамтылған мен көп балалы отбасының оқушыларына қаражаттың жұмсалыу жайы;

Тыңдалды:

1. 1-ші мәселе бойынша әлеуметтік педагог А.Алуадинова сөйледі:Қамқоршылық кеңес туралы мектеп ұжымына және ата-аналарға таныстырды.Қамқоршылық кеңес төрағасы болып Жалелов Асылан болып сайланды.Кеңес мүшелері:Аймақова Меруерт, Кулданова Ақерке,Жолдасова Наздан, Оразбаева Илия, Жұбанышұлы Тілеген, Сәкенов Мағжан, Телегусова Сагира, Оразалина Нұрайна. Кеңес төрағасы алдағы жұмыс жоспарымен танысты.
2. 2-ші мәселе бойынша әлеум.педагог А.Алуадинова аз қамтылған және көп балалы 31 отбасының 72 оқушысы бір реттік жалпыға міндетті мемлекеттік бюджеттен 40,567 теңгеден көмек алды.
3. 3-мәселе бойынша төраға А. Жалелов сөз кезегін алды:ағымдағы мәселелер жайында ата-аналарға айтып,алдағы жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілетінін айтты.Қайырымдылық акция кезінде кәсіпкерлерге хат тарату, мектепке көмек беру туралы айтты. Аз қамтылған отбасыға қаражат көзін демеушілік көмек арқылы қарастыру керек екенін баса айтып өтті.
 - Мүше Аймақова Меруерт сөйледі: Қамқоршылықтағы және аз қамтылған отбасының балаларына демеушілерді көбірек тарта отырып, мүмкіндігінше жұмыс жасалса деп өз ойын ұсыныс ретінде айтты.

Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелері ата-аналармен тығыз байланыста болуы қаперге алынсын.
2. Әлеуметтік аз қамтылған және көп балалы отбасы оқушыларына демеушілік көмек мүмкіндігінше қарастырылып,ұйымдастырылып жүзеге асырылсын.
3. Қайырымдылық акциялары уақытында ұйымдастырылып өткізіліп,жүзеге асырылсын.


Қамқоршылық кеңес жиналысының хаттамасы «Ә.Жанкелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің әлеуметтік педагогы А. Алуадиноваға жолданды.

Жиналыс төрағасы



А.Жалелов

Жиналыс хатшысы:



Н.Оразалина



Хаттамасы №4

Күні: 6 қараша 2023 жыл

Сарға ауылы

Қатысқаны: 9

Күн тәртібінде:

1. Сабақ арасындағы үзіліс кестесі туралы;
2. Оқушылардың мектеп формасы;
3. Ағымдағы мәселелер;

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша мектеп директоры Қ.Оразалиев айтып өтті. Қоңырау кестесі 2-3 тоқсан кезінде 40 минутқа өзгеруіне байланысты, онда 2,4-сабақтардан кейін 10 минут үзіліс болуы қажет екендігін айтты. Осыған байланысты бірінші және екінші ауысымда ұзақ қоңырау екі рет 10 минуттық болып бекітілді деп сөзін аяқтады.

Сөз кезегін әлеуметтік педагог алды:- Мектебімізде бірінші ауысымда 3рет,екінші ауысымда 3рет әлеуметтік аз қамтылған, көп балалы отбасының және 1-4 сынып оқушыларына тегін ыстық тамақ беріледі.Қоңырау кестесіне байланысты тамақ ішу кестесіде төмендегідей өзгереді.

1.	I-ауысым	09:25 - 09:35
2.	I-ауысым	10:15 - 10:20
3.	I-ауысым	11:00 - 11:10
4.	II-ауысым	14:55 - 15:05
5.	II-ауысым	15:45 -15:50
6.	II-ауысым	16:30 -16:40

2-ші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Тітірбаева сөйледі: - ҚР-ның Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрық «Орта білім беру ұйымдарына міндетті түрде мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығы негізге алынып, ұл балаларға көк түсті костюм шалбар, ақ кофта кию керек. Мектепте хиджаб, никаб, паранджа, қалпақ, әр түрлі түсті орамалдар салуға, арқа, крест т.б. заттарды тағуға тиым салынатындығын айтып өтті. Мектеп фойесінде мектеп формасы ережесінің ілініп тұрғанын айта келіп, әр ата-ана балаларын мектеп формасымен қамтамасыз етуіне көңіл бөлуін нақтылы айтып өтті.

3-ші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы А.Алуадинова сөйледі:- Алдағы уақытта қамқоршылық кеңес төрағасы мен мүшелерімен отырыс жасалып,сіздердің шешімдеріңізбен қамқоршылықты қажет ететін және аз қамтылған, көп балалы отбасы оқушыларын, жеке үйден оқитын оқушыларға және ерекше білімді қажет ететін оқушыларды қуанту мақсатында жаңа жылдық сыйлықтар дайындау керек. Жеке кәсіпкерлер тауып, хат жолдау қажет. Осы аталған отбасы оқушыларына желтоқсан айында жаңа жылдық сыйлықтар дайындау керектігін айтып өтті.

Қаулы:

1. Мектептегі сабақ арасындағы үзіліс уақыттары қамқоршылық кеңес мүшелері және ата-аналар тарапынан мақұлданып, ұзақ қоңырау уақыты 10 минуттық

3. Ағымдағы мәселелер қаперге алынсын.


Қамқоршылық кеңес жиналысының хаттамасы «Ә.Жанкелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің әлеуметтік педагогы А. Алуадиноваға жолданды.

Жиналыс төрағасы:



А. Жәлелов

Жиналыс хатшысы:



Н.Оразалина

«Ә.Жанкелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-де өткізілген
қамқоршылық кеңесінің жиналысы

ХАТТАМАСЫ №5

Сарға ауылы

Өткізілген күні: «30» 11 2023ж

Қатысқаны: 9

Қамқоршылық кеңесі жиналысқа қатысуға құқығы бар мүшелерінің жалпы саны: 9 адам

Қатысқандар: Жәлелов Асылан, Оразалина Нұрайна, Кулданова Аерке, Телегусова Сағира, Жолдасова Наздан, Аймақова Меруерт, Нурмуханбетов Бауыржан, Жұбанышұлы Тілеген.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жиналысын әлеуметтік педагог А. Алуадинова ашты.

Күн тәртібінде:

1. Материалдық көмекке мұқтаж оқушыларды анықтау;
2. Қазақстан Республикасының Президентінің атынан өткізілетін аудандық, облыстық Жаңа жылдық шыршаға ұсыну;

Тыңдалды:

1. 1-ші және 2-ші мәселе бойынша әлеуметтік педагог А. Алуадинова күн тәртібіндегі мәселе бойынша түсінік берді. Материалдық көмекке мұқтаж оқушылар анықталды.
2. 2-ші мәселе бойынша әртүрлі санаттағы отбасының 1 оқушысы облыстық Президенттік шыршаға, 5 оқушы аудандық Президенттік жаңа жыл шыршасына ұсынылды.

Әлеуметтік педагог А. Алуадинова сөйледі: - Облыстық әкім шыршасына 6 - сынып оқушысы Нұрберген Елнұрды ұсынамын. Отбасылық жағдайы көп балалы, аз қамтылған.

Аудандық әкім шыршасына 6 - сынып оқушысы Тағаберді Әминаны ұсынамын. Отбасылық жағдайы аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан. Сонымен қоса 6-сынып оқушысы Қошым Өсербайды ұсынамын. Аз қамтылған, көп балалы отбасының баласы. Ата-анасы жұмыссыз. Жаңа Жылдық шыршаға 5-сынып оқушысы Тулеген Дарынды ұсынамын. Әлеуметтік жағдайы аз қамтылған, толық емес отбасының баласы. Анасы жеке шайханада қарапайым жұмысшы. Мектепте оқитын 2 оқушы бар. Бір баласы студент. Отбасына кіретін табыс көзі күнкөріс деңгейіне жеткіліксіз.

Аз қамтылған отбасының баласы 6-сынып оқушысы Жылқыбай Ықыласты ұсынамын. Анасы мен әкесі мектепте кіші қызметкер болып жұмыс жасайды.

4-сынып оқушысы Ерболатқызы Ағилашты ұсынамын. Аз қамтылған отбасының баласы. Анасы мен әкесі жұмыссыздық атынан жұмыс жасайды. Осы отбасылардың баласы аудандық шыршаға қатыстырылса деген ұсынысым бар деп сөзін аяқтады.

Әлеуметтік паспортқа сүйене отырып, қосымша сынып жетекшілерінен мәлімет алып, отбасылық жағдайларын зерттей отырып, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен бірігіп, үй-жай күйлерін тексере отырып мына оқушыларды облыстық Жаңа Жыл шыршасына қатысуға ұсынамыз. Бұрын ешқандай әкімдік шыршаға, аудандық шыршаға ұсынылмаған. Аталған отбасының оқушылары аудандық шыршаға қатысып көрмеген. Осы аталған тізімдегі оқушыларды қамқоршылық кеңес мүшелеріне ұсыныс жасаймын деп әлеуметтік педагог түйіндеді.

Қаулы:

1. Материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау, зерттеу жұмыстары алдағы уақытта да жүзеге асырыла берсін.
2. Әлеуметтік педагогтың ұсыныстарын жиналысқа қатысушылар арасында ашық дауысқа салынып, бір ауыздан қолдау тапсын. Жоғарыда аталған оқушылар Қазақстан Республикасының Президенті атынан өтетін жаңа жыл мерекесіне қатыстырылсын..


Қамқоршылық кеңес жиналысының хаттамасы «Ә. Жанкелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің әлеуметтік педагогы А. Алуадиноваға жолданды.

Жиналыс төрағасы:





А.Жәлелов

Жиналыс хатшысы:



Н.Оразалина

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

1. Кулданова Ақерке 
2. Телегусова Сагира 
3. Жолдасова Наздан 
4. Аймақова Меруерт 
5. Нурмуханбетов Бауыржан 
6. Жұбанышұлы Тілеген 